

Білім арзымайтын байлық - Знание - капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАЛДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

№5(51), 20.05.2026

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

ЗАРҚЫН СЫЗДЫҚҰЛЫ ТАЙШЫБАЙ: ҰЛЫ ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТ



ҚАЛАМ, ҒЫЛЫМ, ТАҒЫЛЫМ

Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай – бар ғұмырын сөз өнеріне, ғылымға және жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған көрнекті тұлға. Оның есімі отандық журналистикамен, гуманитарлық ғылыммен және Қозыбаев университеті тарихымен тығыз байланысты. Ғалымның өмір жолы – адал еңбек пен парасаттың, білім мен руханиятқа қызмет етудің жарқын үлгісі. Зарқын Сыздықұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик, белгілі ғалым, жазушы, зерттеуші, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы. Ол саналы ғұмырын отандық журналистика мен гуманитарлық ғылымның дамуына арнады. Ұстаздықтың биік үлгісін көрсеткен тәлімгерді – университеттің бірқатар буын студенттері мен әріптестері білікті педагог, жоғары мәдениетті тұлға және өз ісінің нағыз шебері ретінде бағалайды.

(Соңы 2-бетте)

Ол 1942 жылы 31 наурызда Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің арқасында жастайынан ізденімпаздық пен табандылық қасиеттерін бойына сіңірді. Қазақ орта мектебін тәмамдағаннан кейін, еңбек жолын қарапайым механизатор болып бастады. Кейін әдеби қызметкер, аудандық газет редакторының орынбасары, редактор, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Дәл осы жылдары оның публицистикалық қарымы, талдау жүргізу қабілеті мен қоғамдағы үдерістерді зерделеуге деген қызығушылығы айқын көрінді.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін және журналистика тарихы бойынша аспирантураны тәмамдаған соң, Зарқын Сыздықұлы ғылым мен педагогика саласына бет бұрды. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қызмет атқарып, журналистика кафедрасының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Алайда Зарқын Сыздықұлының шығармашылық әрі педагогикалық қызметінде Қозыбаев университетінің орны ерекше. Ол 2000 жылдан бері университет қабырғасында еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде оқу орнының өркендеуіне, білікті мамандар даярлауға және өңірдегі журналистік білім беру ісінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Ғалымның бастамасымен 2001 жылы университетте журналист мамандарын мемлекеттік тілде оқыту және даярлау қолға алынды. Осылайша университетте кәсіби шеберлікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және сапалы білім беруге негізделген қазақ тілді журналистиканың жаңа мектебі қалыптасты. Мындаған студенттер оның дәрістерін ерекше ықыласпен еске алады. Зарқын Тайшыбай жас журналистерге мамандықтың қыр-сырын, азаматтық жауапкершілік пен сөзге адал болуды үйрете білді.

Ғалым ұзақ жылдар бойы Қозыбаев университеті жанындағы Этномәдени зерттеулер ғылыми орталығына жетекшілік етіп келеді. Оның басшылығымен орталық Солтүстік Қазақстанның

тарихын, мәдениетін, ономастикасын және рухани мұрасын зерттейтін маңызды ғылыми алаңға айналды.

Зарқын Тайшыбайдың ғылыми еңбектері ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін терең зерделеуге арналды. Ғалым Абай, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов сынды ұлт зиялыларының әдеби әрі рухани мұрасын жан-жақты зерттеді. Филология ғылымдарының кандидаты, 100-ден астам ғылыми мақаланың, монографиялар мен оқу құралдарының авторы Зарқын Тайшыбай қазақ тіліндегі ғылыми әдебиетті дамытуға ықпал етті. Зерттеуші физикалық химия, невропатология, сауда экономикасы секілді әртүрлі салалардағы жоғары оқу орындарына арналған маңызды оқулықтарды қазақ тіліне аударып, мемлекеттік тілді жоғары білім мен ғылым жүйесінде дамытуға белсене қатысты.

Ғалым Солтүстік Қазақстан тарихын зерттеуге ерекше көңіл бөлді. «Атамекен атаулары», «Сыр сандығым – Қызылжар» кітаптары, Абылай хан туралы екі томдық еңбегі, «Абылай хан» энциклопедиясын әзірлеуге сүбелі үлес қосты. Оның еңбектерінің арқасында өңір тарихы жаңа деректермен толығып, тың көзқараспен зерделене түсті.

Ғалымның қоғамдық қызметі де ауқымды. Ол Қарағанды облыстық «Қазақ тілі» қоғамының негізін қалаушылардың бірі әрі алғашқы төрағасы болды. Сонымен қатар университеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі, ғылыми басылымдар редакциялық алқаларының мүшесі ретінде қызмет атқарып, журналистік білім беру мәселелеріне арналған халықаралық семинарлар мен конференцияларға белсенді атсалысты.

2001 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің шақыруымен америкалық университеттерде журналистер даярлау бағдарламасы аясында тәжірибе алмасып, халықаралық білім беру жүйесінің озық тәжірибелерін зерттеді. Кейін сол тәжірибелерді отандық жоғары білім беру ісіне енгізуге күш салды.

Зарқын Сыздықұлының жоғары кәсібилігі, ғылыми беделі мен

көпжылдық еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Білікті ұстаз «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстанның құрметті журналисі», «Қазақстанның жоғары мектебіне еңбек сіңірген қайраткері» атақтарына ие болды. Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» наградаларымен, Қазақстан Журналистер одағының алтын медалімен наградталды. Сондай-ақ, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.

2026 жылы өңірдің әдеби қауымдастығын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің стипендиясына ие болды. Қозыбаев университетінде профессор З.С. Тайшыбай атындағы кабинеттің бой көтеруі – ғалымның ғылым мен білім саласындағы көпжылдық жемісті еңбегіне көрсетілген айрықша құрмет.

Зарқын Сыздықұлы үшін ең үлкен марапат – әріптестерінің құрметі, шәкірттерінің алғысы және студенттерінің шынайы ықыласы. Ол өңірдің рухани-мәдени дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлға.

Бүгінде Зарқын Сыздықұлы Қозыбаев университетіндегі ұзақ жылдық еңбек жолын аяқтауда. Дегенмен оның шәкірт тәрбиесіндегі, ғылым мен руханиятты дамытудағы еңбегі, қалдырған мұрасы мен қалыптастырған мектебі әлі талай буынға бағыт-бағдар беретіні сөзсіз. Университет ұжымы атынан оған мінсіз еңбегі, ұстаздық даналығы, оқу орнына деген адалдығы, ғылым мен ұлттық мәдениетке сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін шынайы ризашылық білдіреміз. Зарқын Тайшыбайдың өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің, ұстаздыққа адалдықтың және ғылымға деген шынайы сүйіспеншіліктің өнегелі үлгісі.

Құрметті Зарқын Сыздықұлы! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық және ұзақ ғұмыр тілейміз. Алдағы уақытта тың еңбектеріңіз жарық көріп, шәкірттеріңіздің шексіз құрметіне бөлене беруіңізге тілектеспіз.

**Қозыбаев университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректор
Ербол Исақиев**

ЖОЛ БАСЫ

(Академик Зарқын Тайшыбаймен сыр-сұхбаттан үзінді)

Өзіміз ғасырлар тоғысы деп атап жүрген 2000 жылдың қоңыр күзінде – жаңа оқу жылы басталып жатқан кезде «Қызылжардағы педагогикалық институтқа Қарағандыдан жаңа оқытушы келіпті» деген хабар тарады. Басқаларды білмеймін, көрмесем де, танымасам да өзім қуанып қалдым. Оның себебі облыстық телеарнада «Ойтолқын» деген авторлық бағдарлама жүргізуші едім. Ашуын аңсап да қатты қиналып жүрдім. Өйткені ол кезде қазақша жақсы сөйлей алатын, өз ойын қиналмай жеткізетін адамдар аз еді. Осылай күндер өтіп жатты. Біразға дейін институтқа келген жаңа оқытушыны мазалаған жоқпын. Бір ай өткеннен кейін ғой деймін, хабарласқанымда сөз айтпай келісті. Әріптес болып шықтық. Ашық адам екен. Ойындағысын бүгін қалмайды, тура сөйлейді. Бүгінде есімі біздің өңірде ғана емес, республика жұртшылығына жақсы таныс ғалым, жазушы, ұстаз Зарқын Сыздықұлы Тайшыбаймен осылай таныстым. Содан бері де ширек ғасырдан астам уақыт зымырап өте шығыпты.



– Зақа, әңгімемізді сіздің журналистика саласына қалай келгеніңізден бастасак деп отырмын.

– Бұл енді ұзақ әңгіме. Өйткені жас кезімнен армандадым, алдыма мақсат қойдым, сөйтіп күндердің күнінде журналист болып шыға келдім деп айта алмаймын. Оқырманға түсінікті болу үшін бала күнге оралуым керек. Сонда осы сұхбатты оқып отырған адам мені журналистік жолға өмірдің өзі икемдегеніне көз жеткізеді.

Менің әкем – Сыздық 1889 жылы туыпты. 1916 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кезде патшаның жарлығына сәйкес қара жұмысқа алынып, окоп қазуға Белоруссияға жіберіледі. Содан жіберген жеріне жетті ме, жетпей орта жолдан қайтты ма, ол жағын білмеймін, 1917 жылғы көктемде шығысқа бет алған поездан Омбыда түсіп қалады. Алғашында осы қалада теміржол бойында жұмысқа орналасады. Отызға толмаған кезі ғой, кейін тұрақты жұмыс іздеп Шығыс Қазақстан жағына асады: Зырян, Риддер деген қалаларда болады. Ауылдың

малын баққаннан гөрі қара жұмыс істегенім дұрыс деген болуы керек, кейін екі ағасын шақырып алып, Тайшыбайдың үш ұлы Сергиополь – қазіргі Аягөзде темір жол құрылысына қатысады. Жер қазады, топырақ тасиды. Бірақ ағалары ауыр жұмысқа шыдай алмай ауылға кетіп қалады да әкем сол жақта – орыс арасында қалып қояды.

Орыс арасында жүргенмен елмен байланысын үзбейді. Осы екі ортада колхоздастыру басталады. Сол кезде Көпбай деген ағасының ұлы Әмиін «Ана жақта Сыздық жалғыз қалып қойды, семьясы жоқ, енді ол орыс болып кетеді» деп Өскеменге келіп, ағасын көшіріп әкетеді. Ата мекені – Қарқаралы ауданында Киров атындағы колхоз ұйымдасса керек, өзі кедей, өзі жұмысшы болғандықтан шығар, кеңес өкіметі қолдап, сол шаруашылыққа басқарма қылып тағайындайды. Негізі оқымаған, бірақ аздап хат танитын, жаза алатын ғана сауаты болған.

Бұның бәрін неге айтып отырмын. Елден жырақта көп жүрген әкемнің орысшасы жақсы болған-

дықтан, менің тілім орысша шықты. Колхоздың шаруасымен Қарағандыға барған сайын орысша кітаптар әкеліп беретін. Сөйтіп мектеп табалдырығын аттамай жатып орысшаға біршама төселіп қалдым. Кейін оған неміс тілі қосылды. Біздің ауылда ауып келген немістердің Освальд, Вася және Яков Келлер деген балалары болды. Солармен ойнаушы едім. Олардың анасы, есімі Марта бұрын мұғалім болыпты. Сол кісі «балаларым ана тілін ұмытып қалмасын» деп ұлдарын үйінде оқытты, сабақтарына мен де қатысып жүрдім. Сөйтіп неміс тілін де меңгеріп алдым.

Оқуға барамын, мамандық аламын, агроном боламын деп басымды тауға да, тасқа да ұрып жүргенімде ойламаған жерден Валентина Пронинаға кездесіп қалдым. Ол кісіні жақсы білуші едім, Мәскеудегі Тимирязев академиясын бітірген, жолдамамен тың игеруге келген, біздің ауылда агроном болған. Ол кезде Егіндібұлақта орыс жоқ. Ауылдағы орысша сөйлейтін жалғыз бала болғандықтан мені өзіне жақын тартып жүруші

(Соңы 4-бетте)

еді. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы екен. «Қайдан жүрсің? Кел, отыр, әңгіме айт», – деп жылы қабақ танытты. Мен колхоз басшыларының жұмыс күші жетпей жатыр деген желеумен оқуға жібермей жатқанын айттым. Сол арада Пронина: «Мен колхоз басқармасына ештеңе деп айта алмаймын. Оларға біздің билігіміз жүрмейді, – деді. – Қолымнан келетіні, кеше ғана аудандық газеттің редакторы «Комсомолдық жолдамамен біреуді жіберші», – деп өтініш білдіріп еді. Барамын десең, қазір жолдама жазып беремін.

Колхоз басшыларына көңілім қалғаны сондай, көп ойланбастан, келісімді бердім. Журналисттің кім екенін, қандай жұмыспен айналысатынын да түсініп жатқан жоқпын. Мақсатым – әйтеуір ауылға қайта оралмау.

Редакциядағылар да менің келгеніме қуанып, құшақтарын аша қойған жоқ. Редактор көрші бөлмеге ертіп апарып, мұртын ширатқан бір кісіге: «Мына баланы екі аптадай көр, не шығады екен» деп тапсырғандай болды. Үнінде кекесін бар ма деп қалдым. Анау да шіреніп қалған біреу екен, алдындағы қағазынан бас көтермей біраз отырды да бұрыштағы үстелдің үстінде жатқан газет тіігіндісін иегімен нұсқап, «таным, мақаланың қалай жазылатынын түсінуге тырыс», – деді.

Қайда барамын?! Тырыстым. Бәріміздің басымыздан өткен жай ғой, жазғандарымның біреуі жараса, біреуі себетке тоғытылып, бірде жадырап, бірде жабырқап жүріп жаттым. Бірақ бойымда бір сенім болды. Мақтанғаным емес, жас кезімде қиындықты көп көргендіктен бе екен, жұмыс дегенде шаршауды білмеуші едім. Сөйтіп арада біраз жыл өткеннен кейін журналистік жолымды бастаған

аудандық газет бас редакторының орынбасары қызметіне тағайындалдым.

– Сіздің өмірбаяныңызда атқарушы билікте қызмет істегеніңіз жайлы деректер бар екен. Газетті өзіңіз тастап кеттіңіз бе? Әлде...

– Күндердің күнінде газеттен кетіп қаламын деген ой болған жоқ. Жап-жақсы істеп жаттым, жұмысым өзіме ұнайды. Жазушы Шерхан Мұртаза: «Журналистің жегені жантақ, арқалағаны алтын» дегендей, қызығы да, шыжығы да болды ғой. Бәріне көне жүріп жұмысқа әбден төселіп алдым. Осылай алаңсыз жүріп жатқанда, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Қу ауданының жартылай жабылуы бізге бұлтсыз күні найзағай жарқылдағандай әсер етті. Бәрі Хрущев деген патшаның кесірі. Алғашқылардың қатарында аудандық газеттің тағдыры пышаққа ілінді. Аяқ астынан жұмыссыз қалдық.

Осылай «енді не бұйырады?» деп ала-көңіл болып жүргенде аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы шақырады деген хабар жетті. Мекежан Нілдібаевты білуші едім. Бірден «бізге кел», деді. «Немен айналысамын?» «Іс қағаздарын жүргізуге көмектесесіз. Офицер боласың». Келістім де іске кірісіп кеттім. Милиция қызметкерлері арасында орысша түгілі қазақша жазатындар жоқтың қасы. Облысқа орыс тілінде жіберілетін құжаттардың бәрі менің қолымнан өтеді. Арасында аудан прокурорына да көмектесемін. Осылай үш жыл өте шықты. Мына қызықты қараңыз, аудан қайта ашылды. Тағы да қызмет бөліс басталды. Орысшаға да, қазақшаға да жүйрік екенімді ескерген болулары керек, жиырма үшке әлі тола қоймаған мені аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі

қызметіне тағайындады. Артынан білдім, менің қабілетімді жақсы білетін Төлеубай Әбділдин деген ағамыз ұсынып, басқалар қолдапты. Бұл жұмыс та оңай емес екен. Таусылмайтын жиналыс, құлаш-құлаш баяндама, солардың бәрін жазамын деп, қағаздан бас көтере алмай қалдым. Бұл қызметте алты жыл отырдым. Осы аралықта КазМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітіріп алдым, аспирантураға түстім. Журналистикаға аңсарым ауа береді. Арасында «газетке барайыншы» деп қыңқылдап қоямын. Бірақ басшыларым «тағы бір жыл, тағы бір жыл» деп алты жылға созды ғой. Ақыры не керек, сұранып жүріп бір кезде өзім істеген аудандық «Ленин туы» газетіне редактордың орынбасары болып ауыстым.

Аудандық газетте бір жылдай істеген соң, аспирантураны бітіруім, кандидаттық диссертациямды қорғауым керек, Алматыға жақындайын деген ой келді. Ол кезде үйлі-барандымын, қолымда шешем бар. Оларды тастап кете алмаймын, ал топырлатып Алматыға алып баруға – қалтам жұқа. Осылай қиналып жүргенімде бұл мәселенің де шешімі табылды. Басшылық «Алматыдағы екі жылдық Жоғары партия мектебіне барасың», – деді. Сөйтіп 1972 жылдың 1 қыркүйегін Алматыда қарсы алдық.

Партия мектебінде жақсы оқыдым, қоғамдық жұмыстардан да шет қалған жоқпын. Партия мектебінің «Фрунзевец» деп аталатын қазақша-орысша көптиражды газеті бар еді, соның редакторы болдым. Оқудан босай қалсам, мектептің дәл жанындағы республиканың орталық архивіне жүгіремін. Әйтеуір селендеп бос жүрген күнім болған жоқ.



Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатына барған. Сол уақыттан бері ол бұл әдетінен айныған жоқ: мұрағат қорларын мұқият қарап, деректерді біртіндеп жинақтау арқылы бірнеше кітаптар мен ғылыми мақалалар жазды. Профессор Тайшыбай білікті деректанушы ретінде әрбір мұрағат дерегінің ақиқаттық құнын жылдам айқындап, оларды өзара салыстыра отырып, ғылыми тұрғыда бағалай біледі.

Зерттеуші әріптесіміздің айтуынша: «Өлкетану ісі мәдениет құрылымының негізгі салаларының бірі ретінде әр адамды тарихи қазыналарға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Баға жетпес жәдігерлер өз өлкеңнің, қалаңның, ауылыңның және ата-баба тарихында жатыр. Демек, ұрпақ сабақтастығы үзілмесін десек, әкелеріміз бен аталарымыз қалдырған құндылықтарды қастерлеп сақтап, оны кейінгі ұрпаққа түсіндіріп жеткізуіміз қажет. Сайып келгенде, Отансүйгіштік, патриотизм дегеніміздің өзі осы».

Зарқын Тайшыбай мұрағаттық зерттеулер нәтижесінде Қазақстанды зерттеу қоғамының Петропавлдағы жергілікті ұйымы 1922 жылғы 2 желтоқсанда өткен «Жергілікті өлкені зерттеу Қоғамы басқармасының мәжілісі» деп аталған жиында құрылғанын анықтаған. Зерттеуші мәжілісте қаралған негізгі мәселелерді де нақтылап көрсетеді: музейдің қазақ бөліміне қою үшін қазақтың киіз үйін сатып алуға губерниялық атқару комитетінен 300 сом сұрау; жергілікті қазақ қызметкерлерінің барлығын Қазақстанды зерттеу қоғамына мүшелікке тарту және олардың әрқайсысын музейдегі қазақ тұрмысы бөлімін толықтыруға міндеттеу; жергілікті жерлерден қазақ тарихы мен тұрмысына қатысты ақпарат-материалдар жіберіп тұратын тұрақты тілшілер топтарын ұйымдастыру, бұл іске негізінен ауыл мұғалімдерін тарту.

Профессор Тайшыбай өлкемізде оқу-ағарту ісінің тарихын зерттеп, «1920 жылғы қаңтардың 10-күні Омбыдағы Сибревкомның жанынан Сібір облыстық оқу бөлімі құрылғанын, оның 4 бөлімшесінің біреуі аз ұлттар бөлімшесі деп аталса, қазақ-татар секциясын Мағжан Жұмабаев басқарғанын» анықтады. Ақмола губерниясы

құрылғанда, мемлекеттік мекемелердің алғашқыларының бірі болып, губерниялық оқу бөлімі 1921 жылғы мамырдың бірінен бастап жұмыс істей бастаған. Губерниялық ревкомның мектеп бөлімінің меңгерушілігіне Жанұзақ Жәнібеков тағайындалды. Оның алдында Ж.Жәнібеков Сибревкомға қараған Петропавл уездік оқу-бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген. Осылайша, біз Жанұзақты елдегі халық ағарту ісінің басында болған қайраткерлердің қатарынан көреміз. Орталығы Петропавл болған Ақмола губерниясына қазіргі Қарағанды облысының жартысынан көбі, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қостанай облысының бір бөлігі қараған.



Оқу бөлімінің меңгерушісі Ж.Жәнібеков губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиевке 1921 жылдың 20-мамырында мынадай көмек сұрап, хат тапсырады: «Губерниялық атқару бөліміне қазақ кадрлары жетіспейді. Шілденің басында губерниялық мұғалімдер курсы ашайық деп отырмыз. Курста сабақ беруге біздің қаруымызға Омбыдан Кемеңгеров пен Әділовті шақыртуыңызды сұраймын» (СҚММ. 55-қор, 3-тізбе, 23-іс, 145 парақ).

З. С. Тайшыбай облыстық мұрағаттың қорынан тауып, мына деректерді жариялады: Қазақ мектептері туралы, Еменәлі болысы. Шорман ауылындағы мектепте мұғалім Үмітбай Балқашев, Маныбай ауылында Ғали Мусин, 34 жаста, Уақбай ауылындағы мектепте 14 үйдің 30 баласы оқиды. Мұғалімдері: Жүсіпов Нұрмұхамед пен Жүндібаев Оспан.

Тереңкөл болысында Дәуіт ауылындағы мектепте Қанафин Нұрахмет, Жәуке ауылында 18 жастағы Әбжанов Сафар, Тоқымбек ауылында Ермұқанов Ережеп мұғалім болып қызмет атқарған. Сондай-ақ Мұстафин Саид Бейнетқор болысының №27 мектебінде, Есенбаев Әбдірахман мен Жұмабаев Абылай Явленка селосында, Жақыпов Баймұрат пен Әлімбаев Әбдірәшид еңбек еткен.

1922 жылғы 1 қарашадан бастап Петропавл қаласында қазақ мұғалімдеріне арналған курсы ашу туралы шешім қабылданып, оны ұйымдастыру Жұмағали Тілеулинге жүктелген. Бастапқы дайындық курсына сауаты төмен 17 адам, ал екінші курсқа сауаты біршама жоғары 17 ұл және 1 қыз қабылданған. Ол жалғыз қыз – Айша Темірбекова.

Зерттеуші ғалым Қызылжардағы қазақ педагогикалық техникумының ашылу күнін 1922 жылдың 27 қарашасы деп тұжырымдайды. Алғашқы ұйымдық жиынға Жанұзақ Жәнібеков, Жұмағали Тілеулин, Сабыр (Мұхамедсабыр) Айтқожин, Кочеганов, Мұхамеджан Бейсенев, Бірмұхамет (Бірге) Айбасов, Ғалауәтден Мәмеков, Ғалиолла Ғалымжанов, Сәдуақас Жандосов, Байбатыр Ержанов (кей деректерде Бибатыр) қатысқан. Бұлар сол кезеңдегі жергілікті қазақ зиялыларының алдыңғы легі еді. 1926 жылдың басында бұл педагогикалық техникумға Илияс Темірбековтің есімі берілген. Келесі жылы, яғни 1926 жылы «Илияс Темірбеков атындағы Қызылжар қазақ педагогикалық техникумын» 17 түлек бітіріп, мұғалімдік куәлік алған. Бұл деректер профессордың «Өлкеде оқу ісінің қалыптасуы» атты мақаласында келтірілген.





«Қызылжардағы жергілікті билік (1917–1922 жылдар)» атты еңбегінде З. Тайшыбай бұған дейін ашылмаған бірқатар тарихи деректерді нақтылайды. Атап айтқанда, П. Николай Романовтың тақтан тайдырылғаны туралы хабар Петропавлға 1917 жылғы 1 наурызда жеткені, 4 наурызда қалалық дума қоғамдық қауіпсіздік комитетін құрғаны, ал 14 наурызда Петропавл жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің ұйымдастырылғаны көрсетіледі. Кеңес құрамында эсерлер басым болғанымен, онда қазақ ұлтының өкілдері болмағаны да атап өтіледі.

Кейін де жиі айтылып жүргендей, 1917 жылғы наурыз бен Қазан төңкерісі аралығында «қазақтан шыққан большевиктер немесе революционерлер» деген түсініктің тарихи негізі әлсіз екендігін профессор Тайшыбай нақты деректермен дәлелдейді.

Мәселен, 1917 жылғы 14 сәуірде Петропавлда уақытша уездік атқару комитетінің құрамын қайта қарау мәселесіне арналған жиналыс өткен. Оған қала маңы мен қазақ және орыс ауылдарынан келген өкілдер қатысқан.

Жиналыс барысында Ресей патшасының тақтан түсуіне қарамастан, Уақытша үкіметтің жергілікті билікті халыққа толық бермей отырғаны сынға алынды. Уездегі нақты билік әлі де офицерлер мен казак әскерлерінің қолында қалғаны атап өтілді. Осы отырыста ғана уездік кеңес құрамына қазақ өкілдері енгізілді. Атап айтқанда: Полудин болысынан – Күсемісов Салмақбай Күсемісұлы, Жұмабаев Мәди, Қуанышев Дәулет Өсербайұлы; Тайынша болысынан – Сағынаев Қожахмет; Петропавл қаласынан – Жұмағали Тілеулин; Сарытомар отырықшы болысынан – Абдолла Шанықов.

Осы жиында уездік атқару комитетінің мүшелігіне қазақ өкілдері қатарынан Қуанышев пен Тілеулин сайланған.

Алайда жаңартылған бұл құрамда қазақ қоғамының толыққанды және тең құқықты өкілдігін қамтамасыз ете алмағандықтан, 1917 жылғы 4 маусымда Петропавлда уездік қазақ комитеті дербес саяси-

элеуметтік орган ретінде бөлініп шықты. Оның төрағалығына Ғалиасқар Қуанышев сайланды.

Сөз жоқ, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қол жеткен мұндай деректердің тарихи және тәрбиелік мәні зор. Осы тұрғыдан алғанда, З. Тайшыбайдың еңбектеріне ерекше алғыс айту орынды.

Зерттеуші келтірген тағы бір маңызды дерек бойынша, Ресейдегі төңкеріс пен саяси тұрақсыздық кезеңін пайдалана отырып, Сібірдегі билік 1918 жылдың қаңтарында Ақмола облысы атауын жойып, бүкіл аумақты Омбы облысы деп атаған. Оның орталығы Омбы қаласы болды. Бұған дейін 1868 жылы құрылған Ақмола облысы жарты ғасыр бойы осы атаумен аталып келген еді.



Атауы өзгерген Омбы облысының құрамына Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Тара және Текелі уездері енгізілді. Осылайша, кеңестік билік патшалық кезеңнен қалған отарлық басқару жүйесін жаңа саяси формада жалғастырғаны байқалады. Нәтижесінде Қызылжардан Ұлытау мен Балқашқа дейін, Торғай ойпатынан Ертіске дейінгі кең аумақ Омбы облысының әкімшілік құрамына кірген. Бұл тарихи фактіні бүгінде көпшілік біле бермейді.

З. Тайшыбай бұл деректі ерекше атап өтіп, оның тарихи салмағы жөнінде ой қозғайды.

Кеңестік билік жүйесінің қалыптасу тарихы да нақты деректер арқылы айқындала түседі. 1919 жылғы 27 тамызда Сібір революциялық комитеті (Сибревком) құрылып, оның билігіне орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губерниялары енгізілді. 1919 жылғы 23 қарашада Петропавл уездік рев-

комы, ал 8 желтоқсанда Ақмола және Семей уездік ревкомдары құрылды. Осыдан кейін жер-жерде ауылдық және болыстық ревкомдарды ұйымдастыру науқаны кеңінен басталды.

1921 жылғы 21 сәуірде Луначарский атындағы театр үйінде Петропавл қалалық-уездік II партия конференциясы өтті. Төралқа құрамына сайланған жеті адамның ішінде Айсарин мен Бейсенев болды. Конференцияны Орынбордағы Қазақ АКСР атынан ҚОАК төрағасының орынбасары Смағұл Сәдуақасов құттықтап, «Қазақ республикасы және қазақтар арасындағы жұмыс туралы» баяндама жасады.

1921 жылғы 28 сәуірде ҚОАК төрағасы С. Мендешевтің «Петропавл қаласының еңбекші жұртшылығына» арналған үндеуі «Мир труда» газетінде жарияланды.

Осы деректерге сүйенсек, Қазақ автономиялық республикасы құрамында Ақмола губерниясының құрылуы және губерниялық партия ұйымы мен губревкомның ұйымдасуы дәл осы конференция барысында жарияланған деп тұжырым жасауға болады. З. Тайшыбайдың пікірінше, Солтүстік Қазақстан облысының Қазақ республикасы құрамына ресми түрде енгізілген тарихи кезеңі де осы уақытпен тікелей байланысты. Тіпті қазіргі Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстары аумақтарының әкімшілік тұрғыдан қалыптасу бастауын да осы оқиғамен байланыстыруға негіз бар.

Жаңадан құрылған губерниядағы барлық әкімшілік билік Әбдірахман Әйтиев басқарған губерниялық төңкеріс комитетіне (губревком) берілді. Оның құрамына Барлебен, Коротков, Шарипов, Иванов және Асылбеков сайланды. 1921 жылғы 11 қыркүйекте әскери басқарудан азаматтық басқаруға көшуге арналған Кеңестердің тұңғыш губерниялық съезі өтті. Съезді Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен губревком атынан Әбдірахман Әйтиев ашты, ал қатысушыларды ҚОАК атынан Смағұл Сәдуақасов құттықтады.



Хаттама деректерінде Смағұл Сәдуақасовтың сөзінің қысқаша мазмұны келтірілген: «Қыр баласы өзін ғана, малын ғана ойлап еркін жүрген кезде Ресейдің отаршыл билігінің шеңберіне түсті... Енді бас еркі өзінде, өз елін өзі билейтін болады...» деген мазмұнда ой айтылғаны көрсетіледі.

Әйтиев – төраға, Шумский – оның орынбасары және экономика комиссиясының төрағасы, Патрикеев – азық-түлік комиссары, Бейсенев – әкімшілік кеңестің төрағасы, Қазыбеков – іс басқарушы қызметтерін атқарған. Атқару комитетінің құрамына С. Шәріпов, Ғ. Тоқжанов, Ж. Тілеулин мүшелікке, ал Ж. Жәнібеков кандидат ретінде сайланған. Осылайша, сол кезеңде өңірді басқарған тұлғалар құрамы айқын көрінеді.

1921 жылғы 18–24 қазан аралығында өткен губерниялық кәсіподақтар кеңесінің мәжілісінде «Аз ұлттар (орыс еместер) мен оры-

стардың діни мейрамдары туралы» қаулы қабылданды. Онда мұсылман мерекелері ретінде Пітір айт – 2 күн, Құрбан айт – 2 күн, Жаңа жыл – 1 күн, Ашура – 1 күн және Мәуліт – 1 күн демалыс болып белгіленді. Сонымен қатар бұл күндер жұмыс күніне сәйкес келген жағдайда кейін өтелуі тиіс екені көрсетілді.

Жалпыға мәлім, бұл бастамалар кейінгі кезеңде қолдау таппай, шектеулерге ұшырағанымен, тәуелсіздік жылдарында ғана діни мерекелерге қайта құқықтық мәртебе берілді. Мәселен, Президент Н. Назарбаевтың жарлықтарымен Құрбан айт мерекесі мен Рождество ресми түрде демалыс күндері болып бекітілді.

Зарқын Тайшыбайдың айтуынша, тарих ғылымы – нақты дерекке сүйенетін ғылым, ал оның негізгі қорегі мен тірегі жазба және материалдық мұралар болып табылады. Өткенді тану тек тарихи зерттеулер арқылы ғана мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда ғалымның «Мағжанның Қызылжары» атты еңбегі, әсіресе оның алғашқы нұсқасы, өңір тарихының құнды шежіресі ретінде ерекше маңызға ие.

Профессор мұрағаттану мен өлкетану мәселелерінде әрдайым ғылыми кеңес беріп, облыстық ономастикалық комиссия жұмысына белсенді қатысып, тарихи топонимика бойынша құнды деректер ұсынып келеді. Оның баспасөзде, теледидар мен радиода айтқан ғылыми тұжырымдары да үлкен тәрбиелік мәнге ие. «Қазақстан жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2012» атағын иеленген ғалымның дәрістен тыс беретін тағылымы да айрықша маңызды.

Сәуле Мәлікова,
Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты.



ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕР

Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай 1942 жылғы 31 наурызда Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын колхозда механизатор болып бастап, кейін әдебиет қызметкері, редактордың орынбасары, аудандық газет редакторы, «Орталық Қазақстан» облыстық газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Жоғары білімін С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде алып, «Журналистика» мамандығы бойынша білімін аяқтағаннан кейін сол университеттің журналистика тарихы кафедрасының аспирантурасын бітірді.

1992 жылдан бастап Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде журналистика кафедрасының аға оқытушысы және кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2000 жылдан бері М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде доцент, профессор ретінде еңбек етіп келеді. Сонымен қатар 2001 жылдан бастап осы университеттің «Этномәдени бірлестіктер» ғылыми орталығының жетекшісі қызметін атқарды.

Ғалым 1997 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап, 2006 жылы доцент атағын алды. Оның диссертациялық зерттеу тақырыбы – «Абайтанудың кейбір төңкеріске дейінгі көздері».

Зарқын Сыздықұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеумен айналысып, абайтану курсына оқу үдерісіне енгізуге үлес қосты. Сонымен қатар ол А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов және басқа да қазақ зиялыларының шығармашылығына арналған 19-дан астам ғылыми мақаланың авторы болып табылады.

Зарқын Тайшыбайдың шығармашылық және ғылыми қызметінде өлкетану мен ономастика мәселелері ерекше орын алады. Мұрағат деректері негізінде ол Солтүстік Қазақстан өңірі мен облыстың тарихи кезеңдерін сипаттайтын бірқатар ғылыми мақалалар жазды. Сонымен қатар, К. Оспанов және К. Ахметжанова авторлығымен жарық көрген «Атамекен атаулары» еңбегінің бірлескен авторы болып табылады. 2014 жылы «Сыр сандығым Қызылжар» атты (Солтүстік Қа-

зақстан тарихына арналған) құнды зерттеу еңбегі жарық көрді. Ол энциклопедиялық басылымдардың белсенді авторларының бірі ретінде 100-ден астам сөздік және шолу мақалалардың авторы әрі ғылыми кеңесшісі саналады. Сондай-ақ «Қазақ Кеңес энциклопедиясында» 43 мақала, ал 2013 жылы жарық көрген «Абылай хан энциклопедиясында» 37 мақаланың авторы болып табылады.

Зарқын Тайшыбай қазақ тілін ғылым мен білім саласына енгізу ісіне де елеулі үлес қосты. Ол жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Невропатология», «Нервные болезни», «Физическая химия», «Дизайн в промышленности», «Сопротивление материалов», «Сауда экономикасын ұйымдастыру» сияқты бірқатар оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Сонымен бірге ол 1989 жылы Қарағанды облысында құрылған «Қазақ тілі» қоғамының негізін қалаушылардың бірі әрі төрағасы болды.

Ғалым сондай-ақ «Қазақтың ханы – Абылай: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар» (Алматы: Ел-шежіре, 2011) атты екі томдық жинақтың және «Абылай хан: Энциклопедия» (Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013) еңбегінің авторларының бірі болып, қазақ мемлекеттілігінің көрнекті тұлғасы Абылай ханның өмірі мен қызметін зерттеуге зор үлес қосты.

Зарқын Сыздықұлы – республикадағы журналистік білім беру саласында мол тәжірибесі бар педагог әрі ұйымдастырушы. Ол ҚазМУ-дан кейінгі екінші болып Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде журналистика мамандығын ашуға атсалысты. Сонымен қатар «Орталық Азиядағы журналистік білім беру» халықаралық семинарының мүшесі ретінде кәсіби білім беру ісін дамытуға үлес қосып келеді.

2001 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің шақыруымен «АҚШ-та журналистерді даярлау»

бағдарламасы аясында Зарқын Тайшыбай бес университеттің тәжірибесін зерттеп, тағылымдамадан өтті. Сонымен қатар ол заманауи бұқаралық ақпарат құралдары мен журналист кадрларын даярлау мәселелеріне арналған халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады.

Ғалым еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстанның білім беру саласының құрметті қызметкері», А. Байтұрсынұлы атындағы «Саңлақ автор», «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелгілерімен, «Қазақ тілінің жанашыры» медалімен, сондай-ақ ҚР БҒМ, Ақпарат және байланыс министрлігінің және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Ол Қазақстан Журналистер одағының Құрмет дипломының иегері. 2012 жылы «Жылдың үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алды.

2016 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

2014 жылдың ақпан айында Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында ғалымның «Сыр сандығым – Қызылжар» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бұл еңбекте автор Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Қазан төңкерісінен кейінгі күрделі әрі қайшылықты тарихи оқиғаларды жаңа ғылыми көзқарас тұрғысынан талдайды.

Жалпы алғанда, Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай – Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша 100-ден астам ғылыми мақаланың, оқу құралдары мен монографиялардың авторы. Оның ғылыми еңбектерінің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан өңірі мен Петропавл қаласының тарихын зерттеуге арналған.

**Ботагөз Қожабекова,
М.Қозыбаев ат. СҚУ
музейінің жетекшісі.**

ҚЫЗЫЛЖАР РУХАНИЯТЫНА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ҒАЛЫМ



Қазақ руханияты мен журналистикасының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың есімі ғылыми ортада да, Қызылжар жұртшылығының жүрегінде де ерекше құрметпен аталады. Ол – тек зерттеуші ғана емес, ұлт тарихындағы ірі тұлғалардың рухани келбетін жаңаша танытқан тұлғатанушы, шәкірт тәрбиелеуді өмірлік мұрат еткен педагог, өңірлік журналистиканың қалыптасуына тікелей ықпал еткен қайраткер.

Зарқын ағайдың Қызылжар өңіріндегі 26 жылдық еңбек жолы – тұтас бір ғылыми-рухани дәуір. Осы жылдар ішінде ол Солтүстік Қазақстанның тарихын, жер-су атауларын, тұлғалар тағылымын, баспасөз дәстүрін зерттеп, өңірдің қазақша рухани шежіресін жасауға өлшеусіз еңбек сіңірді. Ғалымның көпқырлы болмысы оның ғылыми еңбектерінен анық көрінеді. Әсіресе Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев, Абылай хан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов сынды ұлт тарихындағы ірі тұлғаларға қатысты зерттеулері ұлттық ғылымда айрықша орын алады.

Зарқын ағайдың өз естелігіндегі мына бір сөзі оның ғылымға келу жолын, ұстазға деген құрметін, ізденіске адалдығын танытады: *«Негізі мен өмірде жолы болған адаммын. Жас кезімде де, кейін де қамқоршыларым, қолдаушыларым көп болғанын айттым ғой. Қызмет жағынан осындай адал ниетті жандардың шарапатын көрсем, оқу-білімдегі ұстазым Қайыржан Бекхожин болды. Менің ғылым жолына түсуіме ұстазымның осы сөздері қамшы болды. Сөйтіп «Абай және баспасөз», «Абайтану арнасында», «Абайтанудың кейбір мәселелері», одан кейін «Абылай хан» – 500 бет, «Қазақтың ханы – Абылай» – екі том, 1200 бет, «Абылай хан тарихы» – үш том 2000 бет, «Мағжан Жұмабай. Өмірі мен шығармашылығының шежіресі» екі том, 860 бет... тағы көптеген еңбектер жаздым. Ахмет Байтұрсынұнов туралы жазғандарым да көп. Мағжанның жағдайын өзіңіз білесіз, ізі архивте сайрап жатыр, тек соны ашу керек».*

Бұл сөздерден ғалымның өз еңбегін дабыраламай, қарапайым ғана жеткізетін кісілік қалпы байқалады. Ал шын мәнінде, аталған еңбектердің әрқайсысының артында жылдарға созылған архивтік ізденіс, табандылық, тарихи жауапкершілік жатыр. Мағжан мұрасын зерделеуде де, Абылай хан дәуірін зерттеуде де Зарқын Тайшыбай бұрыннан белгілі деректерді қайталаған жоқ. Ол Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Алматы мұрағаттарындағы құжаттарды сөйлетіп, ел тарихының көмескі тұстарын жаңаша пайымдады.

Ғалымның «Мағжанның Қызылжары» еңбегі ақынның өмірі мен қызметін нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен байытқан құнды зерттеу ретінде бағаланды. Кітапта Мағжан Жұмабаевтың күрескер ақын болып қалыптасуына Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов сынды Алаш көсемдерінің ықпалы жазба деректер арқылы тиянақталды. Бұл еңбек – Мағжан әлемін Қызылжар тарихымен сабақтастыра танытқан рухани мұра.

Мұхтар Әуезовтің Мағжан туралы: *«Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі»* деген бағасын еске алсақ, Зарқын ағайдың Мағжан мұрасын жаңғырту жолындағы жанкешті еңбегі де тарихта қалары анық. Ол Мағжанның ізін архивтен ғана емес, Қызылжардың рухани жадынан, елдің естелігінен, ұлттың жүрегінен іздеді.

Зарқын Сыздықұлының Қызылжардағы еңбегінің тағы бір

үлкен бағыты – журналистика мектебін қалыптастыруы. Ол М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде журналистика кафедрасының ашылуына ұйытқы болып, өңір үшін аса қажет кәсіби мамандар даярлауға жол ашты. Бұл бастама Солтүстік Қазақстан өңірі үшін тарихи қадам болды. Жергілікті жастарға кәсіби журналистика білімін алуға мүмкіндік туып, өңірлік баспасөз сапалы кадрлармен толықты.

Оның журналистикаға деген көзқарасы да терең әрі жауапты болатын. Ғалым өз сөзінде: *«Оқуға түскен жастарға қыркүйектің бірі күні «Журналистикаға кіріспе» пәнінен дәріс бастаймын. Бірден. Себебі, мамандық таңдап түскен баланы басқа еш нәрсеге алаңдатпай, журналистикамен ауыздандырып, дәмін татырып, санасына құя бастаймын. Журналистердің ұстанымы – әділет, адалдық, халықтың мұңы»,* – дейді. Бұл – жай ғана ұстаздық әдіс емес, мамандыққа адалдық мектебі. Зарқын ағай журналист боламын деген жасқа ең алдымен сөздің салмағын, қаламның жауапкершілігін, халық алдындағы парызды ұғындырды. Сондықтан да оның алдынан өткен шәкірттер үшін ол тек дәріс оқыған профессор емес, өмірлік бағыт берген ұстаз, рухани әке, ақылшы аға болды.

2001 жылдан бастап университетте өзі ұйымдастырған «Этномәдени зерттеулер» ғылыми зерттеу орталығын басқаруы да өңір ғылымы үшін маңызды бастама болды. Осы орталық аясында Солтүстік Қазақстан тарихы, тарихи өлкедану, ономастика, жер-су атаулары, өңірдің рухани мұрасы жүйелі зерттелді. «Солтүстіктің жер-су атауы», «Сыр сандығым – Қызылжар», «Атамекен атаулары» сияқты еңбектер – Қызылжар өңірінің тарихи жадын жаңғыртқан зерттеулер.

Зарқын Тайшыбайдың адамдық болмысы оның ғылыми еңбегінен кем түспейтін үлкен құндылық. Қарапайымдылық, еңбекқорлық, ізденімпаздық, турашылдық, шәкіртке қамқорлық – ғалымға тән

басты қасиеттер. Ол архив қойнауында жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп, тың деректерді ғылыми айналымға енгізді. Қаламы жүйрік журналист, өткір тілді, тура мінезді азамат ретінде замандастары туралы да, тарихи тұлғалар туралы да елге ойлы сөз айта білді.



Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Нұрлан Дулатбековтің Зарқын ағай туралы айтқан мына пікірі ғалым болмысын дәл береді: *«Қалам қарымы ерекше қуатқа ие Зақаң ұлтым десе, ұйқы көрмеуге әзір. Тыңнан жазады. Тынбай жазады. Таңда жазады. Түнде жазады. Таңдандыра жазады. Деректі жазады. Дараны жазады. Дәйекті жазады. Дегдарды жазады. Тарихты жазады. Таратып жазады. Тарқатып жазады. Тағалап жазады...».*

Расында, Зарқын ағайдың бүкіл өмірі осы сөздердің дәлелі іспетті. Ол қаламын қолынан тастамаған, уақытпен санаспай еңбек еткен, ұлт тарихының ақтаңдақ беттерін ашуға бар ғұмырын арнаған ғалым. Оның еңбегінде асығыстық жоқ, дерекке немқұрайдылық жоқ. Әр кітабы, әр мақаласы, әр зерттеуі – терең ізденістің, жауапкершіліктің, ғылымға деген адалдықтың жемісі.

Зарқын ағай туралы сөз қозғағанда, оның жары Гүлнәр апайдың есімін құрметпен атау орынды. Ғалымның қажырлы да өнімді еңбек

етуіне, қыруар жұмысының жарыққа шығуына отбасындағы қолдаудың, түсіністік пен мейірімнің әсері зор екені анық. Гүлнәр апайдың ақ пейілі, үлкен жүрегі, айналасына мейірім төгіп тұратын ерекше болмысы Зарқын ағайдың Қызылжардағы шәкірттері мен әріптестерінің жадында жылы сақталады.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай атындағы дәрісхананың ашылуы – ғалым еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет. Бұл дәрісхана – жай ғана аудитория емес, ұстаз еңбегінің, ғалым мұрасының, журналистика мектебінің символы. Онда дәріс тыңдайтын әрбір жас Зарқын ағайдың ғылымға адалдығынан, сөзге жауапкершілігінен, елге қызмет ету өнегесінен тағылым алады деп сенеміз.

Зарқын Тайшыбай – журналист, ғалым, өлкетанушы, абайтанушы, мағжантанушы, абылайтанушы, алаштанушы. Оның еңбек жолын бір ғана атауға сыйдыру оңай емес. Ол – тарихты тірілткен зерттеуші, тұлғаны танытқан ғалым, шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.



(Соңы 12-бетте)

«ПАРАСАТ»

газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес

акционерлік қоғамы.

БАСПАҒЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің

«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,

№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 80 дана.

Тапсырыс №103.



Газета

«ПАРАСАТ»**СОБСТВЕННИК:**

Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени

Манаша Қозыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика и социальные науки»

факультета истории, экономики и права НАО

«СҚУ им. М. Қозыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город

Петропавловск, улица Магжана Жумабаева,

дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат», parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт

№KZ73VPY00042947 выдано

Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 80 экземпляров.

Заказ №103.

(Басы 11-бетте)

Бүгін Зарқын ағай 26 жыл қызмет пен дос-жаранның, рухани жақын еткен Қызылжар өңірінен өзінің адамдардың байланысын шалғай туған жері – Қарағандыға бет алып жер үзе алмайды. Зарқын ағайдың отыр. Әрине, бұл хабар көңілге қимастық ұялатады. Өйткені Қызылжар топырағында оның ізі, сөзі, еңбегі, шәкірттері, ашқан жолы, жазған кітаптары қалды. Ол бұл өңірге жай келген жоқ, Қызылжардың тарихын түгендеуге, рухани өмірін байытуға, ғылым мен журналистика саласын дамытуға көп еңбек сіңірді.

Алайда біз Зарқын ағаймен ғылыми да, адами да байланысымыз үзілмейтініне сенеміз. Қызылжар мен Қарағандының арасы қашық болғанымен, жүректердің арасы алшақтамайды. Ұстаз бен шәкірттің, әріптес

Қызылжар жұрты ардақты ғалымына ақ жол тілейді. Туған жері Қарағандыда да қаламыңыз қуатты, деніңіз сау, еңбегіңіз жемісті болсын, Зарқын ағай! Сіз қалдырған рухани із Қызылжардың ғылыми-мәдени өмірінде әрдайым сақталады. Ал өзіңізбен орнаған ғылыми, адами, рухани байланыс алдағы уақытта да жалғаса береді деп сенеміз.

Жанар Таласпаева,
ф. ғ. к., профессор

**ҰСТАЗҒА АРНАУ**

Замананың көгінде жаркылдаған,
Қаламы ғылым нәрін сарқымаған.
Қағазы ілім іздеп жалтылдаған,
Зарқын ұстаз көңілі аңқылдаған.

Қаламынан төгілген асыл ойлар,
Жүректерге шуағын шашып
бойлар.

Ілім іздеп жалындап өткен ғұмыр
Ұлт рухын көтерген дара жолдар.

Қарқаралы қастерлеп туған ерін,
Қызылжар да ардақтар асыл белін.
Абылайдың айбыны, Мағжан үні,
Тербеп тұрған секілді жан жүрегін.

Талай шәкірт самғады мектебінен,
Нар тұлғалар нәр алды көктемінен.
Журналистің жолына жарық жаққан,
Өшпес мұра қалдырды өткелінен.

Теріскейдің төсінде тербелген жан,
Абай үнін жүрекке өрнектеген.
Алаштың асқақ ойын ту ғып ұстап,
«Халқым» деп ғұмыр бойы еңбек еткен.

Ғалымдығы – бір төбе, ұстаздығы
Шәкірт үшін шырақтай із қалдырды.

Бүгінгі бұл жеңіс той – ел қуанышы,
Халық сүйген ардақты сіз сынды ұлды.

Арманымен арғымақ жарыстырған,
Өмірменен бетпе-бет табыс қылған.
Жастарға жол көрсеткен темірқазық,
Даналығы көңілге жарық құйған.

Шәкірттеріңіз самғасын көк төріне,
Ізіңіз нұр боп қонсын көп көңілге.
Ғылым менен руханият жолын жалғап,
Тұлға болып жүре бер ел төрінде!

Сандуғаш Қайырбек,
«ЖжӘФ» кафедрасының
1-ші курс студенті.